

Өзбекстан Республикасына химиялық реагенттердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 28 маусым N 962

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екіұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнім транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143 _ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "O"ZTASHQINEFTGAZ" (Ташкент қаласы) ашық акционерлік қоғамы үшін: 2000 жылғы 30 наурыздағы NK-29 (TEL-B тетроэтилқорғасын); 2000 жылғы 11 мамырдағы NK-47 (техникалық фенол); 2000 жылғы 11 мамырдағы NK-46 (техникалық ацетон); 2000 жылғы 21 қаңтардағы NK-525 (А маркалы диэтиленглюколь) келісім-шарттары бойынша 1-қосымшаға сәйкес санда Өзбекстан Республикасына "Franklin Services ltd" (Ұлыбритания, Лондон қаласы) компаниясы беретін химиялық реагенттердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімнің Қауіпті жүктерді тасымалдаудың қолданылып жүрген ережелеріне және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес қауіпсіздіктің ерекше шараларын сақтай отырып, 2 және 3-қосымшаларға сай тиеу кестесіне сәйкес қозғалыс бағыты бойынша жүктің темір жол көлігімен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік тасымалын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен химиялық реагенттердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2000 жылғы 28 маусымдағы
N 962 қаулысына
1-қосымша

"O"ZTASHQINEFTGAZ" ашық акционерлік қоғамы үшін 2000 жылғы 30 наурыздағы НК-29; 2000 жылғы 11 мамырдағы НК-47; 2000 жылғы 11 мамырдағы НК-46; 2000 жылғы 21 қаңтардағы НК-525 келісім-шарттары бойынша "Franklin Services ltd" компаниясы беретін тауарлардың саны

ТН ВЭД ! коды ! !	Тауардың атауы !бірлігі! !	Өлшем ! !	Саны ! !	Бағасы !АҚШ ! !долларымен!	Жалпы құны !АҚШ !долларымен
-------------------------	----------------------------------	--------------	-------------	----------------------------------	-----------------------------------

290919000	Этиль сұйығы (TEL-B тетроэтилқорғасын)	тн	372	6900.00	2566800.00
-----------	---	----	-----	---------	------------

290711000	Техникалық фенол МЕМСТ 23519-93	тн	1400	710.00	994000.00
-----------	------------------------------------	----	------	--------	-----------

291411000	Техникалық ацетон МЕМСТ 2768-84	тн	1500	670.00	1005000.00
-----------	------------------------------------	----	------	--------	------------

290541000	А маркалы диэтиленгликоль МЕМСТ 10136-77	тн	3000	645.00	1935000.00
-----------	--	----	------	--------	------------

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 28 маусымдағы
N 962 қаулысына
2-қосымша

2000 жылғы жеткізілімдер үшін
химреагенттердің қозғалыс бағыты

Химреагенттердің қозғалыс бағыты мынадай бағыт бойынша жүзеге

асырылады:

1. Жүкті жіберуші: "Franklin Services ltd" компаниясы, (Лондон, Ұлыбритания)
Қайта тиеу станциясынан этиль сұйығы жөнелтілетін станция: Малошевич (Польша)-
Брест (Беларусь Республикасы); Арналған станция: Ахунбабаев, Өзбек темір жолы;
Шекарадан өту станциясы: Илецк - Шеңгелді (Қазақстан Республикасы);

2. Техникалық фенол мен техникалық ацетон жөнелтілетін станция -
Лощинская (Ресей Федерациясы);
Арналған станция: Ахунбабаев, Өзбек темір жолы;
Шекарадан өту станциясы: Никель-Тау - Шеңгелді (Қазақстан Республикасы);

3. Диэтиленглюкольді жіберетін станция - Косяковка (Ресей
Федерациясы);
Арналған станция: Шортан, Қарауыл-Базар, Күкірт зауыты
Өзбек темір жолы;
Шекарадан өту станциясы: Илецк-1 - Шеңгелді (Қазақстан Республикасы);

Қабылдап алушы: "O"ZTASHQINEFTGAZ" ашық акционерлік қоғамы, Өзбекстан
Республикасы, Ташкент қаласы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 28 маусымдағы
N 962 қаулысына
3-қосымша

"O"ZTASHQINEFTGAZ" ашық акционерлік қоғамы үшін 2000
жылғы 30 наурыздағы НК-29; 2000 жылғы 11 мамырдағы НК-47;
2000 жылғы 11 мамырдағы НК-46; 2000 жылғы 21 қаңтардағы
НК-525 келісім-шарттары бойынша өнімді тиеп жіберу
Кестесі

N	!	Тауар атауы	!	Өлшем	!2000	!	Оның ішінде тоқсан
p/c	!		!	бірлігі!	жылға	!	бойынша вагондар
	!		!	барлығы!	_____		

! ! ! ! II ! III ! IV

1	Этиль сұйығы (TEL-B тетроэтилқорғасын)	м/тн	372	93	124	155
2	Техникалық фенол МЕМСТ 23519-93	м/тн	1400	400	500	500
3	Техникалық ацетон МЕМСТ 2768-84	м/тн	1500	500	500	500
4	А маркалы диэтиленгликоль МЕМСТ 10136-77	м/тн	3000	1000	1000	1000

Оқығандар:

Бағарова Ж.А.
Орынбекова Д.Қ.